



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары - «Ақ жол» ҚДП  
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 8 желтоқсандағы № ДС-339 сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің азаматтардың борыш жүктемесін азайту жөнінде шаралар қабылдауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

1. Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық мәселелері бойынша Заң жобасын әзірлеу Қазақстанда жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкін жалпыға бірдей декларациялау енгізілгенге дейін кейінге қалдырылды (2026 жылға дейін).

2. Бұған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2019 жылы ауыр өмірлік жағдайда қалған азаматтарға көмек көрсету мақсатында аталған адамдардың банкроттердегі және микроқаржы ұйымдарындағы кепілсіз тұтынушылық кредиттері бойынша берешегін біржолғы өтеу жүзеге асырылды. Осы науқан нәтижесінде 578,5 мың азаматтың 120,5 млрд теңге сомасындағы берешегі өтелді. Бұл ретте 297,7 мың (ауыр өмірлік жағдайда қалған және кепілсіз тұтынушылық кредиті бар азаматтардың жалпы санының 52 %-ы) азаматтың берешегі толық көлемде өтелді.

Банктер мен микроқаржы ұйымдары қосымша 1,2 млн азаматтың 33,6 млрд теңге сомадағы айыппұлдары мен өсімпұлдарын есептен шығарды, оның 70 %-ын немесе 23,5 млрд теңгені кредит беру субъектілері өз қаражаты есебінен есептен шығарды.

Ипотекалық қарыз алушыларға көмек көрсету үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) 2004-2009 жылдар кезеңінде теңгемен қарыздар, сондай-ақ 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін валюталық ипотекалық қарыздар алғандар үшін Ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруда.

Бағдарламада белгіленген қаржылық көмек шаралары халықтың әлеуметтік осал топтары (*бұдан әрі – ХӨОТ*) санатынан жалғыз тұрғын үйі бар қарыз алушылар мен борышкерлер үшін пайыздық мөлшерлемені 3 %-ға дейін төмендетуді көздейді. Қалған валюталық ипотекалық қарыз алушылар үшін пайыздық мөлшерлеме 12 %-дан аспайды. Сонымен қатар, сыйақы, айыпақы (өсімпұл, айыппұл) және комиссиялар бойынша мерзімі өткен берешек есептен шығарылды.

Валюталық ипотекалық қарыздарға қатысты берешекті Ұлттық Банктің 2015 жылғы 18 тамыздағы бағамы (*1 АҚШ доллары үшін 188,35 теңге*) бойынша теңгеге айырбастау жүргізілді.

Бағдарлама шеңберінде барлығы 42,6 мың қарыз алушының қарыздары қайта қаржыландырылды.

Бағдарламаға қатысатын ХӨОТ санатындағы ипотекалық қарыз алушылар үшін 2020 жылғы қаңтардан бастап банктер олардың қаржылық және әлеуметтік жағдайын жан-жақты талдау негізінде жеке тәртіппен көмек көрсетуде, оның нәтижелері бойынша банктер қарыз бойынша берешекті азайту және ай сайынғы төлемі 20 мың теңге деңгейінде жеңілдікті кестелерді белгілеу туралы шешім қабылдайды. Ағымдағы жылдың соңына дейін ХӨОТ санатына жататын 7,9 мың қарыз алушы қолдау шараларымен қамтылатын болады.

Азаматтардың борыш жүктемесін шектеу мақсатында жүйелі шаралар қабылданды.

Біріншіден, 2020 жылдан бастап заңға тәуелді актілер деңгейінде халықтың борыш жүктемесінің коэффициентін есептеуге қойылатын талаптар қатандатылды, оның шеңберінде кредиттер бойынша қарыз алушының барлық төлемдері оның ай сайынғы кірістерінің 50 %-ынан аспауға тиіс. Банктер мен микроқаржы ұйымдары қарыз алушының кірістері мен мүлкі туралы дәйекті деректер негізінде оның төлем қабілеттілігіне алдын ала бағалау жүргізуге міндетті.

Екіншіден, заңға тәуелді деңгейде көрінеу төлемге қабілетсіз адамдарға, оның ішінде кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға кредиттер беруге тыйым салу белгіленген.

Үшіншіден, ағымдағы жылғы 1 қазаннан бастап қарыз алушыларды қолдау мақсатында заңнамалық түрде мерзімі өткен берешекті реттеудің бірыңғай тәртібі енгізілді. Аталған тәртіп шеңберінде банктер мен микрокредиттеу субъектілерінің қарызды қайта құрылымдау, борышкерлерді қайта құрылымдау және оңалту талаптарының тізбесін кеңейту бойынша қарыз алушылардың өтініштерін міндетті түрде қарау рәсімі енгізілді.

Төртіншіден, Үкімет Агенттікпен және Ұлттық Банкпен бірлесіп, кепіл мүлкін өндіріп алу кезінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған және мыналарды көздейтін заңнамалық түзетулер әзірледі:

- азаматтардың тұрғын үйіне өндіріп алуды шектеу үшін жеке тұлғаның тұрғын үймен қамтамасыз етілген ипотекалық қарыздар бойынша кепілге салынған мүлік құнына орындалмаған міндеттеме сомасының және мерзімі өткен кезеңнің мардымсыздығы және мөлшерлес болмауының жоғары шегін

енгізу (орындалмаған міндеттеме сомасы 10 %-дан 15 %-ға дейін, мерзімі өткен мерзім 3 айдан 6 айға дейін арттырылды);

- борыш жүктемесін азайту үшін борышкердің кепілге салынған мүлікті соттан тыс, сондай-ақ мүлікті сот арқылы өткізу кезінде 3 ай мерзімде міндетті түрде дербес өткізуін енгізу;

- ипотекалық қарыздар бойынша орындалмаған міндеттемелерді өтеу үшін сауда-саттықта кепіл мүлкін сатудан алынған ақшаның жеткіліктілігін қамтамасыз ету және төмендетілген құны бойынша тұрғын үйді сатуға жол бермеу үшін, кепіл мүлкін сауда-саттықтан сату бағасының төменгі шегін бастапқы құнынан 50 %-дан 75 %-ға дейін арттыру;

- кредиторлар тарапынан жосықсыз іс-әрекеттерге жол бермеу үшін кредитордың, оның қызметкерлерінің және үлестес тұлғалардың жылжымайтын мүлкін өткізу жөніндегі сауда-саттыққа қатысуға тыйым салуды енгізу және сауда-саттыққа қатысушылар екіден кем болған жағдайда, сауда-саттықты өтпеді деп тану.

Түзетулер Парламенттің қарауындағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару, екінші деңгейдегі банктердің кепілдік саясатын, бағалау қызметін реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасына енгізілді.

3. 2017 жылы коллекторлық қызметті реттеу енгізілді, соның нәтижесінде коллекторлық компаниялардың саны 900-ден 197-ге дейін 4 еседен астам қысқарды.

Соңғы екі жылда Агенттік коллекторлық ұйымдардың заңсыз әрекеттеріне жол бермеу үшін қадағалауды күшейтті. Соның нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша 23 жазбаша ұйғарым шығарылып, 15,1 млн теңге сомасында 53 әкімшілік айыппұл салынды, 54 коллекторлық агенттіктің қызметі тоқтатылды.

Азаматтарды коллекторлардың жосықсыз әрекеттерінен қорғау үшін ағымдағы жылғы шілдеден бастап коллектордың борышкерлермен өзара іс-әрекетін міндетті түрде аудиоға жазып, видеоға түсіру заңнамалық тұрғыдан енгізілді, бүгінгі күні коллекторлық ұйымдар қызметкерлерінің үшінші тұлғалармен тіркелмеген телефондардан хабарласуына және сөйлесуіне тыйым салынды.

Нарықты жосықсыз қатысушылардан тазарту үшін 2022 жылғы қаңтардан бастап жарғылық капиталдың ең төмен мөлшеріне 10 млн теңге деңгейінде талап енгізіледі, бұл нарық субъектілерінің санын 110-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Президенттің тапсырмасы шеңберінде Бас прокуратураның ұсынысы бойынша ағымдағы жылғы 3-тоқсанның басында Агенттік берешектің жалпы көлемінің 75 %-на астам үлесі тиесілі 25 коллекторлық агенттікке қатысты жоспардан тыс тексерулер жүргізді. Тексерулер қорытындысы бойынша 24 коллекторлық агенттікке қатысты 39,3 млн теңге сомада айыппұл салынып, 192 әкімшілік хаттама жасалды.

Бұған қоса, азаматтардың құқықтарын коллекторлардың заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін Агенттік коллекторлық қызметті реттеуді қатаңдату бойынша заңнамалық түзетулер топтамасын әзірледі, оған:

- келесі 2 жыл ішінде коллекторлық компаниялардың жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен арттыру;

- коллекторлық агенттіктер басшылығының мінсіз іскерлік беделіне, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарды қатаңдату;

- коллекторлардың басқа коллекторлармен және қаржы нарығына қатысушылармен үлестес болуына тыйым салуды белгілеу;

- басқа коллекторлық агенттіктерде коллектор қызметін қоса атқаруға тыйым салуды белгілеу;

- заңнамалық талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту және борышкерлерге қатысты жосықсыз әрекеттер жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу кіреді.

Коллекторлық қызметті реттеу бойынша жоғарыда көрсетілген заңнамалық өзгерістер 2022 жылдың соңына дейін қабылданатын болады.

**Ә. Смайылов**



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правитель

№ \_\_\_\_\_

Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан – членам  
фракций ДПК «Ақ жол»

На № ДС-339 от 8 декабря 2021 года

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно принятия мер по снижению долговой нагрузки граждан, сообщаю следующее.

1. Разработка проекта Закона по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан отложена до введения в Казахстане всеобщего декларирования доходов и имущества физических лиц *(до 2026 года)*.

2. Ранее в 2019 году по поручению Главы государства в целях оказания помощи гражданам, оказавшимся в тяжелой жизненной ситуации, осуществлено разовое погашение задолженности указанных лиц по беззалоговым потребительским кредитам в банках и микрофинансовых организациях. В результате данной акции погашена задолженность 578,5 тыс граждан на сумму 120,5 млрд тенге. При этом задолженность 297,7 тыс граждан (52 % от общего количества граждан, оказавшихся в тяжелой жизненной ситуации и имеющих беззалоговые потребительские кредиты) погашена в полном объеме.

Дополнительно банками и микрофинансовыми организациями списаны штрафы и пени 1,2 млн граждан на сумму 33,6 млрд тенге, из которых 70 % или 23,5 млрд тенге субъектами кредитования списаны за счет собственных средств.

Для помощи ипотечным заемщикам Агентством по регулированию и развитию финансового рынка *(далее – Агентство)* реализуется Программа рефинансирования ипотечных займов для получивших займы в тенге в период с 2004 по 2009 годы, а также валютные ипотечные займы до 1 января 2016 года *(далее – Программа)*.

Меры финансовой помощи, установленные Программой,

предусматривают снижение процентной ставки до 3 % для заемщиков с единственным жильем и должников из категории социально уязвимых слоев населения (*далее – СУСН*). Для остальных валютных ипотечных заемщиков процентная ставка составила не более 12 %. Кроме того, списана просроченная задолженность по вознаграждению, неустойке (пене, штрафам) и комиссиям.

В отношении валютных ипотечных займов проведена конвертация задолженности в тенге по курсу Национального Банка на 18 августа 2015 года (*188,35 тенге за 1 доллар США*).

Всего в рамках Программы рефинансированы займы 42,6 тыс заемщиков.

С января 2020 года для участвующих в Программе ипотечных заемщиков из категории СУСН помощь оказывается банками в индивидуальном порядке на основе всестороннего анализа их финансового и социального положения, по результатам которого банками принимается решение о снижении задолженности по займу и установлении льготных графиков с ежемесячным платежом на уровне 20 тыс тенге. До конца текущего года мерами поддержки будет охвачено 7,9 тыс заемщиков, относящихся к категории СУСН.

В целях ограничения долговой нагрузки граждан были приняты системные меры.

Во-первых, с 2020 года на уровне подзаконных актов ужесточены требования к расчету коэффициента долговой нагрузки населения, в рамках которого все платежи заемщика по кредитам не должны превышать 50 % от его ежемесячных доходов. Банки и микрофинансовые организации обязаны проводить предварительную оценку платежеспособности заемщика на основании достоверных данных о его доходах и имуществе.

Во-вторых, на подзаконном уровне установлен запрет на выдачу кредитов заведомо неплатежеспособным лицам, в том числе гражданам с доходом ниже прожиточного минимума.

В-третьих, с 1 октября текущего года в целях поддержки заемщиков законодательно введен единый порядок урегулирования просроченной задолженности. В рамках данного порядка введена обязательная процедура рассмотрения банками и субъектами микрокредитования обращений заемщиков по реструктуризации займа, расширению перечня условий реструктуризации и реабилитации должников.

В-четвертых, Правительством совместно с Агентством и Национальным Банком разработаны законодательные поправки, направленные на усиление защиты прав граждан при обращении взыскания на залоговое имущество, и предусматривающие:

- для ограничения обращения взыскания на жилье граждан введение повышенного порога незначительности и несоразмерности суммы неисполненного обязательства и периода просрочки к стоимости заложенного имущества по ипотечным займам, обеспеченным жилищем физического лица

(сумма неисполненного обязательства повышена с 10 % до 15 %, срок просрочки с 3-х до 6 месяцев);

- для снижения долговой нагрузки введение обязательной самостоятельной реализации заложенного имущества должником в 3-х месячный срок как при внесудебной, так и судебной реализации имущества;

- для недопущения реализации жилья по заниженной стоимости и обеспечения достаточности денег, полученных от реализации залогового имущества на торгах для погашения неисполненных обязательств по ипотечным займам, повышение нижнего порога цены продажи с торгов залогового имущества с 50 % до 75 % от первоначальной стоимости;

- для недопущения недобросовестных действий со стороны кредиторов введение запрета на участие в торгах по реализации недвижимого имущества кредитора, его работников и аффилированных лиц, и признание торгов несостоявшимися, в случае отсутствия в них менее двух участников.

Поправки включены в проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственного управления, совершенствования залоговой политики банков второго уровня, регулирования оценочной деятельности и исполнительного производства», который находится на рассмотрении Парламента.

3. В 2017 году введено регулирование коллекторской деятельности, в результате чего количество коллекторских компаний сократилось более чем в 4 раза с 900 до 197.

В течение последних двух лет Агентством проводился усиленный надзор для недопущения неправомерных действий коллекторских организаций. В результате по выявленным нарушениям вынесены 23 письменных предписания и 53 административных штрафа на сумму 15,1 млн тенге, прекращена деятельность 54 коллекторских агентств.

С июля текущего года для защиты прав граждан от недобросовестных коллекторов законодательно введена обязательная аудио- и видеофиксация взаимодействия коллектора с должниками, сегодня запрещены любые звонки работников коллекторских организаций с незарегистрированных телефонов и разговоры с третьими лицами.

Для очистки рынка от недобросовестных участников с января 2022 года вводится требование к минимальному размеру уставного капитала на уровне 10 млн тенге, что позволит сократить число субъектов рынка до 110.

В рамках поручения Президента по представлению Генеральной прокуратуры в начале 3 квартала текущего года Агентством проведены внеплановые проверки в отношении 25 коллекторских агентств, на долю которых приходится более 75 % от общего объема задолженности. По итогам проверок в отношении 24 коллекторских агентств составлено 192 административных протокола с начислением штрафов на сумму 39,3 млн тенге.

Дополнительно для защиты прав граждан от незаконных действий

коллекторов Агентством разработан блок законодательных поправок по ужесточению регулирования коллекторской деятельности, включающих:

- поэтапное в течение следующих 2 лет повышение минимального размера уставного капитала коллекторских компаний;

- ужесточение требований к безупречной деловой репутации, образованию и опыту работы руководства коллекторских агентств;

- установление запрета на аффилированность коллекторов с другими коллекторами и участниками финансового рынка;

- установление запрета на совмещение деятельности коллектора в других коллекторских агентствах;

- усиление административной ответственности за нарушение законодательных требований и введение уголовной ответственности за совершение недобросовестных действий в отношении должников.

Вышеуказанные законодательные изменения по регулированию коллекторской деятельности будут приняты до конца 2022 года.

**А. Смаилов**

*Мащрапова А.А.*  
*Тел.: 74-53-27, 87015315971*